

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта мектеп директорларына!

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 04.03.2025 жылғы №02-904 хатына сәйкес Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 04.03.2025 жылғы 3-08-4/1653 хатына сай Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 «*Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы*» бұйрығының 9-2) тармағына сәйкес, бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын баланың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен (*қорғаншы және қамқоршысы немесе патронаттық тәрбиеші*) құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуір мен 31 тамыз аралығында жүзеге асырылатындығын хабарлайды.

Сондай-ақ, Министрлікпен «Бірінші сыныпқа қабылдау» мемлекеттік қызмет бойынша өтініштер «Электронды үкімет» порталы арқылы қабылданып, өтініштер қызмет берушілермен «ҚР ОМ Мемлекеттік қызметтерін автоматтандыру» ақпараттық жүйесі «бұдан әрі -Жүйе) арқылы ғана орындалатындығын хабарлаймыз.

Бұл ретте, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» акционерлік қоғамына «Бірінші сыныпқа қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша өтініштер «Электрондык үкімет» порталы арқылы қабылданып, Жүйеде өңдеу бойынша қажетті дайындық жұмыстарын жүргізуін сұраймыз.

Жаңадан ашылған ұйымдар болған жағдайда білім беру мекемесінің жауапты мамандары, «Кері байланыс» формасына хатпен қоса берілген 1 – қосымшаға сәйкес, «Ұйымды қосуыңызды сұраймын» деп көрсете отырып, толықтай толтырып жіберуі қажет.


Бұдан басқа, «Бірінші сыныпқа қабылдау» мемлекеттік қызметін білім беру ұйымдармен Жүйеде сапалы, уактылы орындау үшін білім беру ұйымдарының өтінішті қабылдауға жауапты қызметкерлердің, қол қоятын басшылардың Жүйедегі есептік жазбаларын жаңарту, қажет болған жағдайда жаңадан пайдаланушыны жүйеге енгізу бойынша жұмыстарды 17 наурызға дейін жүргізілу қажет. Жаңа пайдаланушыны қосу немесе жазбаны жаңарту үшін (<https://es.edu.kz/>) Жүйенің бастапқы бетінде көрсетілген «кері байланыс нысанына» жазу қажет.

Сонымен қатар, «Ұлттық білім беру деректер қоры» АЖ (бұдан әрі -ҰБДҚ АЖ) мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау кезінде баланы қабылдауға өтініш берген ата-аналардың тұрақты тіркелу орнына

сәйкес аумақтық қызмет көрсету (**шағын учаске**) бойынша мектеп автоматты түрде айқындалатындығын хабарлаймыз. ҰБДҚ АЖ шағын учаске бойынша үйлердің мекенжайларын мектепке бекіту үшін «Шағын учаске» модулі және үйлердің мекенжайларын тарту үшін «Мекенжай тіркелімі» мемлекеттік дерекқормен (бұдан әрі – МЖ МДҚ) интеграциясы іске асырылған болатын.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты а.ж. 10 наурызы мерзімінен кешіктірмей аудандардың білім беруді басқару органдарының бұйрығында көрсетілген үйлердің мекенжайларын қамтамасыз етуді тапсырады.

Бөлім басшысы



М.Сванов

Н.Нұрбек
21410